Жасы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мақсатында буллинг түрлері бойынша, жасы кәмелетке толмағандар арасында орын алатын «Балалар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу», ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында атқарылып жатқан нақты жұмыстар жайлы

**Мәлімет**

Нәзір Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицейінде кәмелетке толмағандар арасында келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында құқықтарын қорғау жөнінде комиссия құрамы бекітілген.

Мектепте оқушылардың құқықтарын қорғау мақсатында сенім жәшігі орнатылған.

Тоқсанына бір рет «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында пікір алмасу сағаттарын өтіп отырады. Оқушыларға құқық пәнінің мұғалімдері Л.Тастемирова мен Т.Аманбекова, мұғалімдерге С.Ордабаев бекітілген.

Жасөспірімдер мен балалар арасында баланы жәбірлеудің (буллинг, кибербуллингтің) алдын-алу іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілген.

Мақсаты: әрбір баланың табысты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, физикалық, психикалық және психологиялық денсаулығын сақтау.

Қазан айында сынып жетекшілер ата-аналар арасында «Мектептегі буллинг және кибербуллинг» тақырыбында сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды.

Қазан айында оқушылар арасында психологиялық қызметтің мазмұны мен мақсаттары және Буллинг түрлерімен таныстыру барысында бейне роликтер мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қараша айында ата-аналарға «Баланың жәбірленуі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Қараша, ақпан айларында оқушылармен «Буллинг», «Кибербуллинг» тақырыптарында пікір алмасу, тренингтер жүргізілді.

2023-2024 оқу жылына қыздар кеңесінің төрайымы мен мектеп психологының жұмыс жоспары жасалынып, мектеп директорымен бекітілді.

Мақсаты: жасөспірім қыздарды әлеуметтендіруде психологиялық-педагогикалық қолдау үшін жағдай жасау.

Қазан айында 5-7, 8-11 сынып қыздарына «Бой түзеу-әуелі ой түзеу» тақырыбында баяндама оқылды.

Қараша айында 1-4 сынып қыздарына «Әжеден ертегі» тақырыбында, 8- 11 сынып қыздарына ерте жүктілік пен жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын-алу бойынша «Менің-Отаным, Менің-Отбасым» тақырыбында аудандық әжелер кеңесінің мүшелерімен кездесу ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында 5-6, 8-9 сынып қыздарына «Денсаулыққа зиян келтіретін киімдер туралы», жеткіншектің жеке гигениасы туралы дәріс сабақтары өтілді.

10-11 сынып қыздарына қаңтар айында ерте жжүктіліктің алдын-алу бойынша пікір алмасып, сұрақтарға жауап берілді.

Ақпан айында бөгде адамдармен қарым-қатынас жасау жеке тұлғалық қауіпсіздіктің алдын-алу бойынша 1-4, 8-11 сынып қыздарына дәріс сабақтары өтіліп, бейне роликтер көрсетілді.

Сәуір айында «Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі», «Бозбала мен бойжеткен арасындағы қарым-қатынас» тақырыптарында дәріс сабақтар өтілді.
Жасөспірімдер мен балалар арасында «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу» іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілген.
Қыркүйек, қазан, қараша айларында 5-11 сынып оқушыларына «Бестерек» бойынша Кабинеттік талдау, далалық зерттеу жүргізілді.
Қазан, қараша, наурыз, сәуір айларында 3-11 сынып оқушылары арасында «Аяқталмаған сөйлем», «Кактус» әдісі, Dass, ХАДС, «Айзенг, Кондаш» әдістемелері жүргізілді. Оқушылардың болашаққа, өмірге деген сенімділігі жоғары. Оқушылардың психологиялық ахуалы қалыпты екені анықталды.
«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу» мақсатында оқушылармен жеке, топтық жұмыстар жүргізіліп отырады.
7-8-9 сынып оқушыларына «Өтпелі кезеңдегі қиын уақыт» тақырыбында пікір алмасып, кеңестер берілді.
Сәуір айында ата-аналарға «Аутодеструктивті болдырмаудың алдын-алу шараларын ата-аналар арасында ұйымдастыру» тақырыбында баяндама оқылып, слайдтар көрсетілді. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты болатын өзгерістер жайында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп,кеңестер таратылып бағыт-бағдар берілді.
Ата-аналар мен оқушыларға депрессия кезіндегі негізгі проблемалардың бірі-адамның өзін-өзі өлтіруге құштарлығы екені айтылды. Адамға еркіндік, материалдық және рухани байлық керек. Бірақ оларды жасау әркімнің өз қолында екені туралы психологиялық кеңес берілді. Қорыта келе, әрбір бала өз отбасында еркіндікті сезініп, барлық жақсыны, әдемінi көріп, татып өсуге құқылы. Өз отбасында барлық жақсыға көзі тойған бала ешқашан аш көз болмай, үйден тыс жерде өзін ондай игіліктерден тәуелсіз ұстайды, өзгенің затына қызығушылық танытпайды. Барлық тәттіге еркін қолы жеткен бала, өз бойындағы жақсы қасиеттерін де еркін көрсетеді. Ал жақсы, тәттілер баладан жасырылса, ол да өз жақсы жақтарын жасырып өседі.
Оқушылар арасында «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу» барысында іс-шара жұмыстары үнемі жүргізіле береді.
Сондықтан да ұрпақ тәрбиесіне бәріміздің де бірдей жауапты екендігімізді естен еш шығармауымыз абзал.

Орындаған Г.Аманбекова
Педагог – психолог